

Балалар тағамын өндіретін жабдықты Алматы қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 4 тамыз N 1190

Алматы қаласында балалар тағамын өндіруді ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазагросыртқысауда" акционерлік қоғамы мен "ТЕКНОСЕРВИС с.р.л." фирмасының (Италия) арасындағы 1992 жылғы 27 тамыздағы N 1905/483-110 келісім-шартының негізінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заем бойынша 1993-94 жылдары берілген балалар тағамын өндіретін жабдықты заңнамада белгіленген тәртіппен 10 жылға мерзімін ұзарта отырып, республикалық бюджетке 18640250 (он сегіз миллион алты жүз қырық мың екі жүз елу) АҚШ долларын өтеу және өндіріске қосу шартымен Алматы қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы Алматы қаласы әкімінің ұсынысы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген

тәртіппен:

1) 1-тармақта көрсетілгендерді республикалық бюджетке аудару жөнінде Алматы қаласының әкімімен келісім жасассын;

2) Алматы қаласының әкімімен бірлесіп, көрсетілген жабдықты Алматы қаласының коммуналдық меншігіне беру жөнінде қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Икебаева А.Ж.

